

Ритуксимаб

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2021 ж. «04» қазан
№ N043409, № N043410 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ (ҚОСЫМША ПАРАҚ)

▼ Дәрілік препаратқа қосымша мониторинг жүргізіледі, ол қауіпсіздігі жөніндегі жаңа мәліметтерді жылдам анықтауға ықпал етеді. Бұл қауіпсіздігі жөніндегі жаңа ақпаратты қысқа мерзім ішінде анықтауға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлерінен кез келген күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлап отыруын өтінеміз.

Саудалық атауы

Ритуксимаб

Халықаралық патенттелмеген атауы

Ритуксимаб

Дәрілік түрі, дозасы

Инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат, 10 мг/мл

Фармакотерапиялық тобы

Антинеопластикалық және иммуномодуляциялайтын препараттар. Антинеопластикалық препараттар. Антинеопластикалық басқа препараттар. Моноклональді антиденелер. Ритуксимаб.

АТХ коды L01XC02

Қолданылуы

Ритуксимаб препараты келесі аурулары бар пациенттерде қолдануға көрсетілген:

Ходжкиндік емес лимфома (ХЕЛ)

Ритуксимаб препараты фолликулярлық лимфоманың III-IV сатыларында бұрын емделмеген пациенттерде химиотерапиямен біріктірілімде емдеу үшін қолдануға көрсетілген.

Ритуксимаб

Ритуксимаб препараты фолликулярлық лимфомада индукциялық емге жауаптан кейін демеуші ем ретінде емдеу үшін қолдануға көрсетілген.

Ритуксимаб препараты фолликулярлық лимфоманың III-IV сатыларында емдеуде химиотерапияға төзімділігі анықталған жағдайда немесе екінші және химиотерапиядан кейін қайталануларда монотерапия ретінде емдеу үшін қолдануға көрсетілген.

Ритуксимаб препараты CD20-оң диффуздық В-ірі жасушалы ходжкиндік емес лимфоманы емдегенде СНОР (циклофосфамид, доксорубин, винкристин, преднизолон) сызбасы бойынша химиотерапиямен біріктірілімде қолдануға көрсетілген.

Созылмалы лимфолейкоз (СЛЛ)

Ритуксимаб препараты қайталанатын/химиялық тұрақты созылмалы лимфолейкозды емдегенде және бұрын ем қабылдамаған пациенттерде химиотерапиямен біріктірілімде қолдануға көрсетілген.

Бұрын ритуксимабты қоса, моноклональді антиденелермен ем қабылдаған пациенттерде немесе ритуксимабты химиотерапиямен үйлесімде алдыңғы емде сезімталдығы болмаған пациенттерде препараттың тиімділігі және қауіпсіздігі жөнінде шектеулі деректер ғана бар.

Ревматоидты артрит

Ритуксимаб препараты ауыр белсенді ревматоидты артриті бар пациенттерді емдеу үшін метотрексатпен үйлесімде қолдануға көрсетілген. Басқа негізгі ревматизмге қарсы препараттардың жағымсыздығында немесе жауап жеткіліксіз болғанда, ісік некрозы факторының бір немесе бірнеше тежегіштерін қоса.

Ритуксимабты метотрексатпен үйлесімде қолданудың рентгенологиялық зерттеулері бойынша буындар зақымдануының үдеу жылдамдығы азаюына, сондай-ақ дене функциясының жақсаруына әкелетіні көрсетілді.

Полиангииті бар гранулематоз және микроскопиялық полиангиит

Ритуксимаб препараты ауыр белсенді түрдегі полиангииті бар гранулематозы (Вегенер) және микроскопиялық полиангииті бар ересек пациенттерде ремиссияны индукциялау үшін глюкокортикоидтармен үйлесімде қолдануға көрсетілген.

Қолданудың басталуына дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Ходжкиндік емес лимфомасы және созылмалы лимфолейкозы бар пациенттерде қолдану қарсы көрсетілімде

- әсер етуші затқа, тышқан ақуыздарына немесе қосымша заттарының кез келгеніне аса жоғары сезімталдық;
- жедел, ауыр инфекциялық аурулар;
- айқын иммун тапшылығы бар пациенттер.

Ревматоидты артритпен, гранулематозды полиангиитпен және микроскопиялық полиангиитпен пациенттерде қолдану қарсы көрсетілімде

- әсер етуші затқа, тышқан ақуыздарына немесе қосымша заттарының кез келгеніне аса жоғары сезімталдық;
- жедел, ауыр инфекциялық аурулар;
- айқын иммунтапшылығы бар пациенттер;
- жүрек функциясының ауыр жеткіліксіздігі (Нью-Йорк кардиологиялық қауымдастығының жіктеуі бойынша IV класс) немесе ауыр, бақылауға келмейтін жүрек аурулары.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Ритуксимабтың дәрілік өзара әрекеттесуі жөніндегі деректер шектеулі.

Созылмалы лимфолейкозы бар пациенттерде ритуксимабты флударабин және циклофосфамидті бірге қолдану олардың фармакокинетикалық көрсеткіштеріне әсер етпейді. Бұдан басқа, флударабин және циклофосфамидтің ритуксимабтың фармакокинетикалық көрсеткіштеріне әсері бақыланбады.

Ревматоидты артриті бар пациенттерде метотрексатпен бірге қолданудың ритуксимабтың фармакокинетикалық көрсеткіштеріне әсері болмады.

Тышқан ақуыздарына титрі анықталған аниденелері немесе антихимерлық антиденелері бар пациенттерде диагностикалау немесе емдік мақсатта моноклональді антиденелердің басқа препараттарын тағайындағанда аллергиялық реакциялар немесе аса жоғары сезімталдық реакциялары бақылануы мүмкін.

Ревматоидты артриті бар пациенттер арасында ритуксимабпен ем барысында клиникалық елеулі инфекция жиілігі 100 пациент-жылға есептегенде 6,01-ді, ал одан кейінгі ем барысында – 100 пациент-жылға 4,97-ні құрады.

Арнайы сақтандырулар

Биологиялық дәрілік заттардың қолданылуын тексеруді жақсарту үшін пациент картасында енгізілген өнімнің тауарлық атауын анық көрсету керек.

Үдемелі көп ошақты лейкоэнцефалопатия (ҮКЛ)

Ритуксимаб емінен кейін өліммен аяқталуы бар ҮКЛ дамуының өте сирек жағдайлары тіркелген. Пациенттерді ҮКЛ дамуын көрсететін неврологиялық симптомдар немесе белгілердің туындауы/өршуі жағдайларын анықтау үшін ұдайы тексеру керек. ҮКЛ дамуына күдік болған жағдайда бұл диагноз жоққа шығарылғанға дейін ем тоқтатыла тұруы тиіс. Дәрігер пациентке тексеру жүргізуі және симптомдардың жүйке жүйесі дисфункциясымен байланысы бар-жоғын анықтауы тиіс және егер байланысы бары расталса, онда бақыланған симптомдардың ҮКЛ туындауы мүмкіндігін бағалау керек. Клиникалық қажеттілік болған жағдайда неврологпен кеңесу керек.

Күмән туындаған жағдайда дұрысы контрастылы күшейткішпен МРТ-зерттеу жүргізу керек, JC вирусының ДНҚ болуына жұлын-ми сұйықтығына талдау

Ритуксимаб

және қайталап неврологиялық зерттеулер жасау керек.

Пациенттің өзі де байқамауы мүмкін симптомдарға (мысалы, когнитивтік, неврологиялық немесе психиатриялық білінулер) ерекше назар аударуы тиіс.

Пациенттерге өз серіктесіне және күтім жасаушы адамдарына алынатын ем туралы хабарлауды ұсыну керек, өйткені олар пациент өздігінен анықтай алмайтын симптомдардың туындауын байқауы мүмкін.

Пациентте ҮКЛ дамыған жағдайда Ритуксимаб препаратымен емдеуді тоқтату керек және одан әрі жаңғыртпау керек.

Иммун тапшылығы және ҮКЛ бар пациенттерде иммундық жүйе функциясын қалпына келтіруде жай-күйінің тұрақтануы немесе жақсарған жағдайлары анықталды.

Ертерек білінген ҮКЛ немесе Ритуксимаб препаратымен емдеуді ерте мерзімде тоқтата тұру сондай жай-күйінің тұрақтануын немесе нәтижесі жақсаруына әкеле алу мүмкіндігі белгісіз болып қалып отыр.

Ходжкиндік емес лимфома және созылмалы лимфолейкоз

Инфузиялық реакциялар

Ритуксимабты енгізген кезде инфузиялық реакциялар байқалды. Ритуксимаб препаратын енгізгенде инфузиялық реакциялардың дамуы цитокиндердің және/немесе басқа медиаторлардың босап шығуымен жүзеге асырылуы мүмкін. Цитокиндердің босап шығуының аса жоғары сезімталдықтың жедел реакцияларынан клиникалық тұрғыдан айырмашылығы болуы мүмкін.

Цитокиндердің босап шығу синдромын, ісіктер лизисінің синдромын, анафилактикалық реакцияларды және аса жоғары сезімталдық реакцияларын қамтитын осы реакциялар тобы төменде сипатталған.

Вена ішіне қолдануға арналған ритуксимабты тіркеуден кейін қолдану кезеңінде сипатталған, өліммен аяқталатын ауыр инфузиялық реакциялар жөнінде мәлідемелер бар. Ритуксимабтың вена ішіне алғашқы инфузиясын бастағаннан кейін 30 мин – 2 сағат шегінде реакциялар дамыған. Бұлар үшін өкпе тарапынан біліністер тән болды, кейбір жағдайларда ісіктердің тез лизисі және ісіктер лизисі синдромының біліністері, сондай-ақ артериялық қысымның төмендеуі, қызба, қалтырау, дірілдеу, есекжем, ангионевроздық ісіну және басқа да симптомдар байқалды.

Цитокиндердің босап шығуының айқындық дәрежесі ауыр синдромының бронхтың түйілуімен және гипоксиямен, сондай-ақ қызбамен, қалтыраумен, дірілмен, есекжеммен, ангионевроздық ісінумен жиі қатар жүретін ауыр елтігумен сипатталады. Бұл синдром гиперурикемия, гиперкалиемиия, гипокальциемиия, гиперфосфатемия, бүйрек функциясының жедел жеткіліксіздігі, лактатдегидрогеназаның (ЛДГ) жоғары белсенділігі сияқты ісіктердің лизисі синдромының бірнеше біліністерімен қатар жүруі мүмкін, бұдан басқа, оның білінулері тыныс алу жедел жеткіліксіздігіне және өлімге әкелуі мүмкін. Тыныс алу функциясының жедел жеткіліксіздігі интерстициальді инфильтраци-

ямен немесе кеуде қуысының рентгенограммасында көзге көрінетін өкпенің ісінуімен қатар жүруі мүмкін. Синдром алғашқы инфузиядан кейін бір немесе екі сағат ішінде жиі көрініс береді. Өкпе функциясының жеткіліксіздігі анамнезінде бар немесе өкпенің ісіктің инфильтрациясы бар пациенттер қауіп тобында болады және ем жоғары сақтықпен жалғастырылуы тиіс.

Цитокиндердің босап шығуының ауыр синдромы дамыған кезде, препараттың инфузиясы дереу тоқтатылуы тиіс, пациенттерге белсенді симптомдық ем көрсетілуі тиіс. Симптоматиканың бастапқыдағы жақсаруы күрт нашарлаумен алмасуы мүмкін, сондықтан пациенттер ісік лизисінің және өкпе инфильтрациясының синдромы толық қайтқанша немесе бұл диагноздар алып тасталғанға дейін мұқият бақылауда болуы тиіс. Белгілер және симптомдар толық жоғалғаннан кейін пациенттерді әрі қарай емдеу сирек жағдайларда цитокиндердің босап шығуының ауыр синдромының қайтадан пайда болуына әкелді.

Ісік жүктемесі жоғары немесе айналымдағы қатерлі жасушалар саны көп ($\geq 25 \times 10^9/\text{л}$) (мысалы, созылмалы лимфолейкозда) науқастарда цитокиндердің босап шығуының өте ауыр синдромының қаупі аса жоғары болуы мүмкін, ритуксимаб препаратын мұқият бақылай отырып, аса сақтықпен тағайындау керек. Препараттың алғашқы инфузиясын мұндай науқастарға аз жылдамдықпен енгізген немесе препарат дозасын емдеудің алғашқы циклі кезінде және кейінгі циклдердің әрқайсысында, егер ритуксимаб препаратын енгізер алдында айналымдағы қатерлі жасушалар саны $> 25 \times 10^9/\text{л}$ деңгейінде сақталса, екі күнге бөлген жөн.

Жағымсыз инфузиялық реакциялардың барлық түрлері ритуксимаб қабылдаған барлық пациенттердің 77%-да байқалды (10%-да гипотензиямен және бронхтың түйілуімен қатар жүретін цитокиндердің босап шығу синдромын қоса). Бұл симптомдар, әдеттегідей, ритуксимаб инфузиясын тоқтатқанда және ыстықты түсіретін және антигистаминдік препараттармен емдегенде, сондай-ақ жекелеген жағдайларда оттегіні, физиологиялық ерітінділерді вена ішіне енгізуде, бронходилататорлармен және глюкокортикоидтармен қайтты.

Пациенттерге ақуыз препараттарын вена ішіне енгізуден кейін анафилактикалық және басқа да аса жоғары сезімталдық реакциялары тіркелді. Цитокиндердің босап шығу синдромынан айырмашылығы аса жоғары сезімталдықтың нағыз реакциялары, әдеттегідей, инфузияны бастағаннан кейін бірнеше минут ішінде пайда болады. Анафилактикалық реакциялардың және басқа да аса жоғары сезімталдық реакцияларының дамуының потенциалды мүмкін екендігіне байланысты, ритуксимаб препаратын вена ішіне енгізген кезде оларды басу үшін мына дәрілер болуы қажет: эпинефрин (адреналин), антигистаминдік және глюкокортикостероидты препараттар. Анафилактиканың клиникалық біліністері цитокиндердің босап шығу синдромының біліністерімен ұқсас (жоғарыда сипатталды).

Ритуксимаб

Аса жоғары сезімталдықпен байланысты реакциялар білінуі жөнінде мәлімдеулер, цитокиндердің босап шығуымен байланысты реакциялардың көрініс беруі жөніндегі мәлімдеулерге қарағанда, сирек болды.

Миокард инфарктісі, жүрекшелер фибрилляциясы, өкпенің ісінуі, жедел қайтымды тромбоцитопенияның даму жағдайлары тіркелді. Ритуксимаб препаратымен инфузиядан кемінде 12 сағат бұрын Ритуксимаб препаратын енгізген кезде, гипотензия дамуы мүмкін болғандықтан, гипертензияға қарсы дәрілік заттарды қабылдауға жол бермеген жөн.

Жүрек тарапынан бұзылулар

Ритуксимабты қабылдаған пациенттерде жүрекшелердің жыпылықтауын және дірілдеуін, жүрек функциясының жеткіліксіздігін және миокард инфарктісін қоса, стенокардия, аритмияның пайда болу жағдайлары байқалды. Анамнезінде жүрек аурулары бар және/немесе кардиоуыттық химиотерапия қабылдап жүрген пациенттер мұқият бақылауда болуы тиіс.

Гематологиялық уыттылық

Ритуксимаб препаратымен монотерапия миелосупрессиялық әсер бермесе де, $1,5 \times 10^9$ /л-ден азы нейтропенияда және/немесе 75×10^9 /л-ден аз тромбоцитопенияда препаратты тағайындағанда сақтық таныту қажет, өйткені оны мұндай пациенттерге клиникалық қолдану тәжірибесі шектеулі. Ритуксимаб сүйек кемігінің аутологиялық трансплантациясынан кейін 21 пациентті емдеу үшін және миелоуыттылық құбылыстарының туындауынсыз сүйек кемігі функциясының бұзылуы мүмкін басқа қауіп тобындағы пациенттерде қолданылды. Ритуксимаб препаратымен емдеу барысында нейтрофилдер мен тромбоциттер санын есептеуді қоса, шеткері қанға толық талдауды жүйелі түрде жүргізу қажет.

Инфекциялар

Ритуксимабпен емдеу кезінде пациенттерде күрделі, соның ішінде өліммен аяқталатын инфекциялық аурулар дамуы мүмкін. Ритуксимаб препаратын ауыр белсенді инфекциясы (мысалы, туберкулезі, сепсисі және оппортунистік инфекциялары) бар пациенттерге тағайындамаған жөн.

Дәрігерлер қайталанатын немесе созылмалы инфекциялық аурулары, сондай-ақ күрделі инфекциялардың дамуына бейім өзге де қатар жүретін аурулары бар пациенттерді емдеу үшін Ритуксимаб препаратын пайдаланғанда сақтық танытуы тиіс.

Ритуксимабты қабылдаған пациенттерде В гепатитінің қайта белсенділенуі, соның ішінде өліммен аяқталатын фульминантты гепатит жағдайлары тіркелді. Осы пациенттердің көбісі сондай-ақ цитоуытты химиотерапия қабылдаған. Қайталанатын/рефрактерлі созылмалы лимфолейкозы бар пациенттер популяциясындағы бір зерттеуден алынған қолда бар шектеулі ақпарат ритуксимабпен емдеу В гепатиті инфекциясының нәтижесін де нашарлатуы мүмкін деп болжам жасауға мүмкіндік береді. Ритукси-

маб препаратын тағайындар алдында барлық пациенттер В гепатитіне скринингтен өтуі тиіс. Тестілердің ең аз жинағына HbsAg және HbcAb анықтау қамтылуы тиіс; жергілікті нұсқауларға сәйкес тестілер тізімі толықтырылуы мүмкін. Ритуксимаб препаратын белсенді В гепатиті бар пациенттерді емдеу үшін қолданбаған жөн. В гепатитінің кез келген оң серологиялық маркерлері бар пациенттер ритуксимабты қолданар алдында гепатолог дәрігерден кеңес алғаны жөн; осындай пациенттерге қатысты тиісті мониторинг жүргізу және жергілікті стандартқа сәйкес В гепатиті вирусының қайта белсенділенуінің профилактикасы бойынша шаралар қолдану қажет.

Ходжкиндік емес лимфомасы және созылмалы лимфолейкозы бар пациенттерде ритуксимабты қолданған кезде өте сирек жағдайларда ҮКЛ даму жағдайлары байқалды. Көптеген пациенттер ритуксимабты химиотерапиямен үйлестіріп немесе гемопоэздік дің жасушалардың трансплантациясымен үйлестіріп қабылдады,

Иммунизация

Ходжкиндік емес лимфомасы және созылмалы лимфолейкозы бар пациенттерде ритуксимабпен емдеуден кейін тірі вирустық вакциналармен иммунизациялаудың қауіпсіздігі зерттелген жоқ, тірі вирустық вакциналармен вакцинация ұсынылмайды. Бұндай пациенттерге белсенділігі жойылған вакциналармен вакцинация жасалуы ықтимал, бірақ вакцинациядан кейінге жауап әлсіретілуі мүмкін. Қатерлілігі төмен дәрежедегі ходжкиндік емес лимфомасы бар пациенттерде рандомизацияланбаған зерттеулерде сіреспе анатоксинін және KHL-неоантигенін (KHL - фиссурелия моллюскасының гемоцианині) енгізуге жауап беру жиілігінің, ритуксимаб қабылдаған пациенттермен салыстырғанда төмендегені байқалды (сәйкесінше, 81%-ге қарсы 16% және 76%-ға қарсы 4% (бағалау критерийлері – антидене титрінің 2 еседен астамға жоғарылауы). Осы деректер аурудың ұқсастығын ескерсек, созылмалы лимфолейкозы бар пациенттер үшін алынуы мүмкін деп жорамалданады, бірақ осы бағытта клиникалық зерттеулер жүргізілген жоқ. Алайда, антигендер жинағына (*Streptococcus pneumoniae*, *Influenza A*, паротит, қызамық, желшешек) антидене титрінің орташа шамасы ритуксимабпен емдеуден кейін емге дейінгі деңгеймен салыстырғанда ең кемінде 6 ай ішінде өзгерген жоқ.

Тері реакциялары

Ритуксимабпен емдегенде бірқатар жағдайларда өліммен аяқталатын уытты эпидермальді некролиз (Лайелл синдромы) және Стивенс-Джонсон синдромы сияқты ауыр тері реакцияларының даму жағдайлары тіркелді. Осындай реакциялар және олардың Ритуксимаб препаратын қолданумен байланысты екендігіне күмән пайда болған жағдайда емдеуді тоқтатқан және әрі қарай қайта жаңғыртпаған жөн.

Ритуксимаб

Ревматоидты артрит, полиангиитпен гранулематоз және микроскопиялық полиангиит

Бұрын метотрексатпен ем қабылдамаған, ревматоидты артриті бар пациенттер

Науқастардың бұл тобында пайда-қауіпінің жағымды арақатынасы жөнінде нақты деректердің жоқ болуына байланысты, препаратты бұрын метотрексат қабылдамаған ревматоидты артриті бар пациенттерді емдеу үшін ритуксимаб пайдалану ұсынылмайды.

Инфузиялық реакциялар

Ритуксимаб енгізгенде инфузиялық реакциялар бақыланды. Ритуксимаб препаратын енгізгенде инфузиялық реакциялардың дамуы цитокиндердің және/немесе басқа медиаторлардың босап шығуымен шартталуы мүмкін. Тіркеуден кейінгі бақылауда ревматоидты артриті бар науқастарда өліммен аяқталатын ауыр инфузиялық реакциялар тіркелді. Ревматоидты артриті бар пациенттер қатыстырылған клиникалық зерттеулер жағдайында инфузиялық реакциялар көптеген жағдайларда жеңіл немесе орташа дәрежедегі ауырлықта болды. Жиірек бақыланған аллергиялық реакциялар: бас ауыру, қышыну, тамақтың жыбырлау сезімі, ысынулар, бөртпелер, есекжем, артериялық қысымның жоғарылауы және қызба. Инфузиялық реакциялар кез келген емдеу курсының алғашқы инфузиясынан кейін, екінші инфузиядан кейінгіге қарағанда, жиі байқалды; орындалған курстардың саны артуына қарай реакциялар жиілігі азайды. Инфузиялық реакциялар әдетте ритуксимаб енгізуді баяулатудан немесе тоқтата тұрудан кейін және дәрі-дәрмектік (ыстық түсіретін, антигистаминдік дәрілермен және қажет болғанда, оттегіні, тұз ерітінділерін, бронходилататорларын, глюкокортикостероидтарды вена ішіне енгізу) ем тағайындаудан кейін тоқтаған. Жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары бар, сондай-ақ жүрек және өкпе тарапынан жағымсыз реакциялар бұрын байқалған пациенттерді мұқият бақылау қажет. Инфузиялық реакциялар дамығанда, олардың ауырлығына және қажетті емге байланысты, ритуксимаб енгізуді уақытша тоқтата тұрған немесе тоқтатқан жөн. Көптеген жағдайларда симптоматикасы толық жоғалғаннан кейін инфузияны бұрынғының 50%-ын құрайтын жылдамдықпен (мысалы, сағатына 100 мг орнына сағатына 50 мг) қайта бастауға болады. Ритуксимаб препаратын енгізгенде аса жоғары сезімталдық реакциялары дамуы мүмкіндігіне байланысты оларды басу үшін дәрі болуы тиіс: эпинефрин (адреналин), антигистаминдік және глюкокортикостероидты препараттар. Айқындығы орташа жүрек жеткіліксіздігі (NYHA жіктеуі бойынша III класы) немесе ауыр бақыланбайтын жүрек-қантамыр аурулары бар пациенттерді емдеу үшін ритуксимаб қолданудың қауіпсіздігі туралы деректер жоқ. Ритуксимаб алған бұрыннан жүрек ишемиясымен пациенттерде тиісті жай-күй симптомдарының, мысалы стенокардия, сондай-ақ жүрекшенің дірілдеуі мен жыпылықтауы пайда болғаны бақыланды. Жүрек аурулары немесе алдыңғы жүрек-өкпелік

жағымсыз реакциялары бар пациенттер Ритуксимаб препаратымен емделу кезеңінде ерекше назар аударуды талап етеді және ем мүмкіндігін қарастырғанда оларда жүрек-қан тамыр асқынулары даму қаупі ескерілуі тиіс. Препарат енгізу кезеңінде оларды мұқият бақылау керек.

Гипотензия даму мүмкіндігінен, Ритуксимаб препаратының инфузиясының алдында кемінде 12 сағат бұрын гипертензияға қарсы дәрілік заттарды қабылдаудан бас тарту керек.

Гранулематозды полиангиитпен және микроскопиялық полиангиитпен пациенттердегі инфузиялық реакциялар ревматоидты артритімен пациенттердегі клиникалық зерттеулер аясында бақыланғанмен ұқсас болды.

Жүрек тарапынан бұзылулар

Ритуксимабпен емдеу аясында стенокардия немесе аритмия (жүрекше дірілдеуі және фибрилляциясы), жүрек жеткіліксіздігі немесе миокард инфарктісі дамуының мүмкіндігіне байланысты анамнезде жүрек аурулары бар пациенттерді мұқият бақылау талап етіледі.

Инфекциялар

Ритуксимаб препаратының әсер ету механизмін және қалыпты иммундық жауапты ұстап тұруда В-лимфоциттердің маңызды рөлін ескере отырып, Ритуксимаб препаратымен емделу салдарынан пациенттердің инфекция жұқтыру қаупі жоғарылығын болжауға болады. Ритуксимабпен емдеу барысында пациенттерде күрделі инфекциялық аурулар пайда болуы, оның ішінде өліммен аяқталуы мүмкін. Ритуксимаб препаратын белсенді ауыр инфекциялары немесе айқын иммун тапшылығы (CD4+, CD8+ жасушалардың өте төмен деңгейі) бар пациенттерге тағайындауға болмайды.

Анамнезінде қайталанатын немесе созылмалы инфекциясы бар немесе күрделі инфекциялар, мысалы гипогаммаглобулинемия дамуына бейім жағдайлар болғанда пациенттерге Ритуксимаб препаратын тағайындау туралы мәселені шешуде сақ болу керек.

Ритуксимаб препаратымен ем бастар алдында иммуноглобулиндер деңгейін анықтау ұсынылады. Ритуксимаб препаратымен емнен кейін туындаған инфекция белгілері бар пациенттерді мезгілінде зерттеу және тиісті түрде емдеу керек. Ритуксимаб препаратының содан кейінгі курсынан соң пациенттер қайта зерттелуі тиіс, инфекциялық аурулардың туындау қаупі бағалануы тиіс. Ревматоидты артриті және аутоиммундық аурулары, оның ішінде жүйелі қызыл жегі және васкулиті бар науқастарды емдеу үшін ритуксимаб пайдаланудан кейін ҮКЛ өліммен аяқталатын өте сирек жағдайлары тіркелді.

В гепатиті

Ревматоидты артриті, полиангиитпен гранулематоз және микроскопиялық полиангииті бар пациенттерде ритуксимабты қолданғанда, В гепатитінің активациялану жағдайлары (оның ішінде өліммен аяқталуы бар) бақыланды. Ритуксимаб препаратын тағайындау алдында барлық пациенттерге В гепатиті

Ритуксимаб

вирусы болуын анықтауға скрингтен өткені жөн. Тестілердің ең төмен жиілігіне HBsAg және HBeAb анықтау қамтылуы тиіс, тестілер тізімі жергілікті нұсқауларға сай толықтырылуы мүмкін. В гепатиті белсенді пациенттерге Ритуксимаб препаратын ем үшін қолдануға болмайды. В гепатитінің оң серологиялық маркерлері бар пациенттер Ритуксимаб препаратын қолданар алдында дәрігер-гепатологтен кеңес алғаны жөн; осындай пациенттерге қатысты тиісті мониторинг жүргізу және В гепатиті вирусы реактивациялануының профилактикасы жөнінде жергілікті стандарттарға сәйкес шаралар қолдану қажет.

Кешеуілдеген нейтропения

Ритуксимаб препаратының әрбір курсы алдында, емдеуді аяқтағаннан кейін 6 ай кезең ішінде жүйелі түрде және инфекция белгілері пайда болған жағдайда нейтрофилдердің санын өлшеу ұсынылады.

Тері реакциялары

Ритуксимабпен емдегенде уытты эпидермальді некролиз (Лайелл синдромы) және Стивенс-Джонсон синдромы сияқты ауыр тері реакцияларының дамуы, бірқатар жағдайларда өліммен аяқталу жағдайлары тіркелді. Осындай реакциялар анықталғанда және олардың Ритуксимаб препараты еміне байланыстылығына күдік болғанда емді тоқтатқан жөн және жаңғыртуға болмайды.

Иммунизация

Ритуксимаб препаратын қолданар алдында пациенттің вакцинальді статусын зерттеген және иммунизация бойынша тиісті нұсқауларға сай әрекет еткен жөн. Вакцинацияны Ритуксимаб препаратын бірінші енгізуге дейін кем дегенде 4 апта бұрын аяқтаған жөн.

Ритуксимаб препаратымен емдеуден кейін тірі вирустық вакциналармен иммунизация жасаудың қауіпсіздігі зерттелген жоқ. Ритуксимаб препаратымен емдеу кезінде немесе шеткері В-жасушалар саны өте төмендеген кезде тірі вирустық вакциналармен вакцинация жасауға болмайды.

Белсенділігі жойылған вакциналармен вакцинация жасалуы мүмкін, алайда бұндай вакциналарға жауап беру жиілігі төмендеуі мүмкін.

Ритуксимабен және метотрексатпен 6 ай емдегеннен кейін, метотрексатпен монотерапиямен салыстырғанда, полисахаридтік пневмококктік вакцинаны енгізуге (82%-ға қарағанда 43%, пневмококке антиденелердің ең кемінде 2 серотипі ретінде), КНЛ-неоантигенді (тиісінше 93%-ға қарағанда 47%) енгізуге жауап беру жиілігінің де төмендеуі байқалды, ревматоидты артриті бар пациенттердегі клиникалық рандомизацияланған зерттеулерде сіреспе анатоксинін (42%-ға қарағанда 39%, тиісінше) енгізуге жауап жиілігі ұқсас болғаны бақыланды.

Қажет болған жағдайда Ритуксимаб препаратымен емдеу кезінде белсенділігі жойылған вакциналармен вакцинация емдеу курсы қайталаудан кем дегенде 4 апта бұрын аяқталуы тиіс.

Ритуксимабпен ем алған, ревматоидты артритпен және Streptococcus

pneumonia, Influenza, паротитке, қызамыққа, желшешекке және сіреспелік анатоксиге антидене титрі оң болған пациенттер саны ритуксимаб препаратымен емдеуге дейін және емдеу басталғаннан кейін 1 жылдан соң да өзгерген жоқ.

Қатарлас жүретін және (немесе) әрі қарай ревматоидты артритте ревматизмге қарсы басқа препараттарды пайдаланумен ем

Ритуксимаб препаратын «Ревматоидты артриттің» қолданылуы мен дозалануы бөлімінде көрсетілгеннен айырмашылығы бар ревматизмге қарсы препараттарды біріктіріп емдеуге ұсынылмайды. Басқа ревматизмге қарсы препараттарды (оның ішінде ИНФ тежегіштерін және басқа да биопрепараттарды) бірізді қолданудың қауіпсіздігін толық бағалау үшін қажетті клиникалық зерттеулердің деректерінің көлемі ритуксимабпен емнен кейін шектеулі. Қолда бар мәліметтер бұрын ритуксимаб алған, ал соңынан ауру барысын өзгерткен ем алған науқастарда клиникалық елеулі инфекциялар даму жиілігі өзгеріссіз қалады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда егер Ритуксимаб препараты емінен кейін дереу биологиялық агенттер және (немесе) негізгі препараттар пайдаланылса инфекция белгілерін анықтау үшін пациенттерді мұқият бақылау керек.

Қатерлі жаңа түзілімдер

Иммуномодуляциялаушы препараттарды қолдану қатерлі жаңа түзілімдер туындау қаупін арттыруы мүмкін.

Ревматоидты артритпен бар науқастарды емдеу үшін ритуксимаб қолданудың шектеулі тәжірибесіне негізделген деректер, қолдану қатерлі жаңа түзілімдер туындау қаупінің болжамды жоғарылауы туралы нақтылауға мүмкіндік бермейді. Дегенмен дәл осы уақытта ауқымды ісіктердің дамуының болжамды қаупі жоққа шығарылуы мүмкін емес.

Жүктілік және лактация кезеңінде қолданылуы

В-жасушаларының пулы азайған пациенттердің организмінен ритуксимабтың шығарылу кезеңінің ұзақ болуына байланысты, Ритуксимаб препаратымен емделу кезеңінде және оны аяқтағаннан кейін 12 ай бойы бала туа алатын жастағы әйелдер контрацепцияның тиімді әдістерін пайдалануы тиіс.

G иммуноглобулиндер (IgG) плаценталық бөгет арқылы еруге қабілетті.

Ритуксимаб препаратын әйелдерге жүктілік кезінде тағайындағанда жаңа туған нәрестелерде В-жасушалар деңгейі клиникалық зерттеулерде зерттелген жоқ.

Анасы жүктілік кезінде ритуксимаб қабылдаған кейбір жаңа туған нәрестелерде В-жасушалары пулының уақытша азайғаны және лимфоцитопения байқалды. Жүкті әйелдерде препараттың тиімділігі және қауіпсіздігі айғақталған жоқ. Осы себепті болжамды пайдасы қаупінен астам болатын жағдайлардан басқа кезде, Ритуксимаб препаратын жүкті әйелдерге тағайындамаған жөн.

Ритуксимабтың емшек сүтімен бірге бөлініп шығатыны-шықпайтыны белгісіз. Анасының қаны айналымында жүретін IgG класқа жататын иммуноглобулиндердің емшек сүтімен бөлініп шығатынын ескере отырып, Ритуксимаб

Ритуксимаб

препаратымен емдеу кезінде және емдеуден кейін 12 ай ішінде емшек емізуді тоқтатқан жөн.

Зерттеулерде ритуксимабтың ұрпақ өрбіту ағзаларына жағымсыз әсері байқалған жоқ.

Препараттың көлік құралын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне ықпал ету ерекшеліктері

Ритуксимаб препаратының, фармакологиялық белсенділігі және сипатталған жағымсыз құбылыстары осындай ықпалды болжауға негіз бермегенмен, машиналарды және механизмдерді басқару және олармен жұмыс жасау қабілетіне ықпалын тигізетіні-тигізбейтіні белгісіз.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Ритуксимаб препаратын енгізуді тәжірибелі медицина қызметкерінің мұқият бақылауымен және реанимациялық шараларды жүргізу үшін қажетті жағдайлар болғанда жүзеге асырған жөн.

Ритуксимаб препаратының әрбір инфузиясы алдында премедикация жүргізу қажет (ыстықты түсіретін препарат, мысалы, парацетамол, және антигистаминдік препарат, мысалы, дифенгидрамин).

Ходжкиндік емес лимфомасы және созылмалы лимфолейкозы бар пациенттерге премедикация құрамына глюкокортикостероидтарды қосу қажет, егер олар ритуксимаб препаратымен бірге химиялық ем сызбасының құрамында қолданылмайтын болса.

СЛЛ бар пациенттерде ісік лизисі синдромының пайда болу қаупін төмендету үшін жеткілікті гидратацияны профилактикалық қамтамасыз ету және ем басталардан 48 сағат бұрын урикоstaticтерді енгізу ұсынылады. СЛЛ бар және лимфоциттердің $> 25 \times 10^9 / л$ деңгейі болатын пациенттерде жедел инфузиялық реакциялардың жиілігі мен ауырлығын және/немесе цитокиндердің босап шығу синдромын төмендету үшін Ритуксимаб препаратының инфузиясына дейін қысқа уақыт ішінде 100 мг дозада преднизонды/преднизолонды вена ішіне енгізу ұсынылады.

Ревматоидты артриті бар пациенттерге инфузиялық реакциялардың жиілігін және ауырлығын азайту немесе болдырмау үшін Ритуксимаб препаратын қолданудан 30 минут бұрын премедикация ретінде 100 мг метилпреднизолонды вена ішіне енгізу керек.

Полиангиитпен гранулематозы немесе микроскопиялық полиангииті бар пациенттерде Ритуксимаб препаратын алғашқы қолдануға дейін метилпреднизолонды күн сайын 1000 мг-ден 1-ден 3 күнге дейін вена ішіне енгізу ұсынылады (метилпреднизолонның соңғы дозасы Ритуксимаб препаратының алғашқы инфузиясы күні енгізілуі мүмкін). Содан кейін Ритуксимабты қолдану кезінде және қолданғаннан кейін преднизолонды күніне 1 мг/кг дозада ішу арқылы (күніне 80 мг-ден асырмай; преднизолон дозасын толық тоқтатқанға дейін

біртіндеп төмендетеді, дозаны төмендету қарқыны нақты клиникалық жағдаймен анықталады) тағайындау керек.

Қажет болған жағдайда Ритуксимаб препаратымен емдеу кезінде және одан кейін полиангиитпен және микроскопиялық полиангиитпен грануломатозы бар пациенттерге пневмоцистік пневмонияның (P. jirovecii туындаған пневмония) дамуына қарсы профилактикалық шаралар жүргізу ұсынылады.

Пациентке тағайындалғанға сәйкес келетін препарат енгізілетініне көз жеткізу үшін, препараттың затбелгісін тексеру қажет.

Дозалау режимі

Ходжкиндік емес лимфома

Фолликулярлы ходжкиндік емес лимфома

Біріктірілген ем

Ритуксимаб препаратының бұрын емделмеген пациенттерді немесе қайталанған/рефрактелі фолликулярлық лимфомасы бар пациенттерді индукциялық емдеу үшін химиялық еммен бірге ұсынылатын дозасы бір циклге дене бетінің ауданына 375 мг/м² құрайды, 8 циклге дейін.

Глюкокортикоидты гормондарды пайдаланған химиялық ем жағдайында Ритуксимаб препаратын химиялық емнің әрбір циклінің бірінші күні химиялық емнің глюкокортикоидты компонентін енгізгеннен кейін қолдану керек.

Демеуші ем

- Фолликулярлы лимфомасы бар бұрын емделмеген пациенттер. Ритуксимаб препаратының фолликулярлық лимфомасы бар бұрын емделмеген, индукциялық емге жауап берген пациенттердегі демеуші емге қолдану үшін ұсынылатын дозасы 2 айда 1 рет дене бетінің ауданына 375 мг/м² құрайды (демеуші емді индукциялық емнің соңғы дозасынан кейін 2 ай өткен соң бастау керек), аурудың үдеу белгілері пайда болғанға дейін немесе екі жылдан асырмай.

- Қайталанған/рефрактерлі фолликулярлық лимфомасы бар пациенттер.

Индукциялық емге жауап берген қайталанған/рефрактерлі фолликулярлық лимфомасы бар пациенттерде демеуші емге қолдану үшін Ритуксимаб препаратының ұсынылатын дозасы 3 айда 1 рет дене бетінің ауданына 375 мг/м² құрайды (демеуші емді индукциялық емнің соңғы дозасынан кейін 3 ай өткен соң бастау керек), аурудың үдеу белгілері пайда болғанға дейін немесе екі жылдан асырмай.

Монотерапия

- Қайталанған/рефрактерлі фолликулярлық лимфомасы бар пациенттер.

III-IV сатыдағы химиялық тұрақты фолликулярлық лимфомасы бар ересек

Ритуксимаб

пациенттерде индукциялық ем үшін немесе химиялық ем жүргізгеннен кейін екінші және кейінгі қайталануларды емдеу үшін Ритуксимаб препаратының монотерапия ретінде қолдануға ұсынылатын дозасы дене бетінің ауданына 375 мг/м^2 құрайды, вена ішіне аптасына бір рет төрт апта бойы.

Ритуксимабпен алдыңғы монотерапиялық емге жауап берген қайталанған/рефрактерлі фолликулярлық лимфомасы бар пациенттерде монотерапия ретінде қолдану үшін Ритуксимаб препаратының ұсынылатын дозасы дене бетінің ауданына 375 мг/м^2 құрайды, вена ішіне аптасына бір рет төрт апта бойы.

Диффузиялы В-ірі жасушалы ходжкиндік емес лимфома

Ритуксимаб препаратын СНОР сызбасы бойынша химиялық еммен біріктіріп қолдану керек. Ұсынылатын доза химиялық емнің глюкокортикостероидты компонентін СНОР сызбасы бойынша вена ішіне енгізгеннен кейін химиялық емнің әрбір циклінің бірінші күні 375 мг/м^2 құрайды, 8 цикл. Ритуксимабты басқа химиялық ем сызбаларымен біріктіріп қолданудың диффузиялы В-ірі жасушалы ходжкиндік емес лимфоманы емдеу үшін қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталған жоқ.

Емдеу кезінде препараттың дозасын түзету.

Ритуксимаб препаратының дозасын төмендету ұсынылмайды. Химиялық емді Ритуксимаб препаратымен біріктіріп қолданған кезде химиялық емнің компоненттерінің дозасын стандартты сызбалар бойынша төмендетуге болады.

Созылмалы лимфолейкоз

Ритуксимаб препаратының химиялық еммен біріктіруге ұсынылатын дозасы (қайталанған/рефрактерлі лимфолейкозда бұрын ем алмаған пациенттерде) бірінші циклдің 0 күні 375 мг/м^2 құрайды, содан кейін әрбір келесі циклдің 1-ші күні 500 мг/м^2 , 6 цикл. Химиялық емді Ритуксимаб препаратын енгізгеннен кейін жүргізеді.

Ревматоидты артрит

Ритуксимаб препаратымен емдеу курсы әрқайсысы 1000 мг вена ішілік екі инфузиядан тұрады. Ритуксимаб препаратын енгізудің ұсынылатын режимі: бірінші инфузия вена ішіне 1000 мг дозада; қайталанған вена ішілік инфузия 1000 мг дозада 2 аптадан кейін орындалуы тиіс.

Одан арғы курстарды жүргізу қажеттілігі алдыңғы курстан кейін 24 апта өткен соң бағалануы керек.

Бұл мерзімдерде қайталап емдеуді аурудың қалдық белсенділігі сақталғанда ғана жүргізу керек, олай болмаса қайталап емдеуді аурудың белсенділігі қайта жаңғырғанға дейін кейінге қалдыру керек.

Ритуксимабтың тиімділігі туралы қолда бар деректер клиникалық жауаптың,

әдетте, емдеудің бастапқы курсының 16-24 аптасы ішінде жететінін көрсетеді. Осы уақыт кезеңі ішінде жағымды емдік әсер белгілері болмаған пациенттер үшін емді жалғастыру қажеттілігі мұқият қайта қарастырылуы тиіс.

Полиангиитпен гранулематоз және микроскопиялық полиангиит

Полиангиитпен гранулематоздың немесе микроскопиялық полиангииттің ремиссиясын индукциялауға бағытталған ем үшін Ритуксимаб препаратының ұсынылатын дозасы: дене бетінің ауданына 375 мг/м^2 , вена ішіне аптасына 1 рет төрт апта бойы (барлығы 4 инфузия).

Ритуксимаб препаратымен ремиссия индукциясынан кейін демеуші емді Ритуксимаб препаратын алдыңғы енгізгеннен кейін кемінде 16 апта өткен соң бастау керек.

Емдеу стандарттарына сәйкес ремиссиясы басқа иммуносупрессанттармен индукциялағаннан кейін Ритуксимаб препаратымен демеуші емді ремиссияға жеткеннен кейін төрт апталық кезең ішінде бастау керек.

Ритуксимаб препаратын 2 апта аралықпен 500 мг-ден вена ішіне екі инфузия түрінде енгізу керек, содан кейін әрбір 6 айда 500 мг вена ішіне инфузия енгізу керек. Ремиссияға жеткеннен кейін (клиникалық белгілер мен симптомдардың болмауы) пациенттер Ритуксимаб препаратын кемінде 24 ай бойы алуы тиіс. Қайталану қаупі жоғары пациенттерде емдеуші дәрігер Ритуксимаб препаратымен демеуші ем жүргізудің неғұрлым ұзақ кезеңі – 5 жылға дейін мүмкіндігін қарастыруы тиіс.

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар

Ритуксимабты 18 жасқа дейінгі балаларға қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталған жоқ. Мәліметтер жоқ.

Егде жастағы пациенттер

Егде жастағы пациенттерді (65 жастан асқан) емдегенде препараттың дозасын түзету қажет емес.

Енгізу әдісі мен жолы

Ритуксимаб препаратының қажетті мөлшерін асептикалық жағдайларда алады және инфузиялық құтыда (пакетте) инфузияға арналған 0,9% натрий хлориді ерітіндісімен немесе 5% декстроза ерітіндісімен есептелген концентрацияға (1-4 мг/мл) дейін сұйылтады (ерітінділер стерильді және апиrogenді болы тиіс). Араластыру үшін көбіктенуіне жол бермей құтыны (пакетті) абайлап төңкереді. Енгізер алдында ерітіндіде бөгде қосындылардың жоқтығын және түсінің өзгермегенін қарап тексереді.

Дәрігер ерітіндінің дайындалуына, дайын ерітіндінің пайдаланғанға дейінгі сақтау мерзімі мен шарттарына жауап береді.

Ритуксимаб

Ритуксимаб препаратының құрамында консерванттар жоқ болғандықтан, дайындалған ерітіндіні дереу пайдалану қажет.

Дайындалған инфузиялық ерітінді бөлме температурасында 12 сағат бойы немесе 2-ден 8° С-ге дейінгі температурада 24 сағатқа дейін физикалық және химиялық тұрғыда тұрақты.

Ритуксимаб препаратының дайындалған ерітіндісін вена ішіне тамшылатып, жеке катетер арқылы енгізеді. **Препаратты вена ішіне сорғалатып немесе болюстік түрде енгізуге болмайды!**

Цитокиндердің босап шығу синдромының пайда болу мүмкіндігін анықтау үшін пациенттер бақылауда болуы тиіс.

Пациенттерде ауыр реакциялар пайда болған жағдайда (тыныс алудың қиындауы, бронх түйілуі, гипоксия) инфузияны дереу тоқтату керек. Ходжкиндік емес лимфомасы бар пациенттер тиісті зертханалық талдауларды, сондай-ақ өкпедегі инфильтрациялық өзгерістерді анықтау үшін кеуде қуысына рентгенография жүргізуді қоса, ісік лизисі синдромын анықтау үшін тексерілуі керек. Барлық симптомдар басылғанша, зертханалық талдаулардың нәтижелері және кеуде қуысына рентгенография кезінде анықталған өзгерістер қалпына келгенше емдеу қайта жаңғыртылмауы керек. Осы шарттар сақталған жағдайда емдеуді жаңғыртуға болады, бірақ препараттың бірінші дозасының инфузия жылдамдығы кем дегенде 2 есеге азайтылуы тиіс. Ауыр жағымсыз реакциялар қайта пайда болған жағдайда нақты жағдайдың ерекшелігін ескере отырып, емдеуді жалғастырудың мақсатқа сай болу мәселесін қарстыру керек. Жеңіл және орташа инфузиялық реакциялар пайда болғанда көп жағдайларда препаратты енгізу жылдамдығын азайту жеткілікті. Пациенттің жай-күйі жақсарса препаратты енгізу жылдамдығын арттыруға болады.

Бірінші инфузия

Препараттың бірінші инфузиясының ұсынылатын жылдамдығы: 50 мг/сағ; алғашқы 30 минут өткен соң, жылдамдықты әр 30 минут сайын ең жоғарғы 400 мг/сағ дейін 50 мг/сағаттан арттыруға болады.

Келесі инфузиялар

Қолдануға болатын барлық жағдайлар үшін

Келесі дозалар үшін Ритуксимаб инфузиясының жылдамдығы 100 мг/сағаттан басталуы және ең жоғарғы 400 мг/сағ дейін әр 30 минут сайын 100 мг/сағат арттырылуы мүмкін.

Тек қана ревматоидты артритте

Келесі инфузиялардың баламалы жылдамдатылған режимі.

Егер пациенттерде Ритуксимабтың 1000 мг дозадағы (инфузия жылдамдығын түзетудің стандартты режимі) бірінші инфузиясында ауыр инфузиялық реакциялардың пайда болғаны байқалмаса, препараттың инфузия жылдамдығын екінші және келесі инфузияларда препараттың дәл сол концентрациясында (4 мг/мл 250 мл көлемінде) арттыруға болады. Инфузияның бастапқы жылдам-

дығы алғашқы 30 минутта 250 мг/сағ болуы тиіс, содан кейін жылдамдықты келесі 90 минут ішінде 600 мг/сағ дейін арттыруға болады. Егер жылдамда-тылған инфузия жағымды болса, бұл енгізу режимін келесі инфузиялар кезін-де де пайдалануға болады.

Клиникалық мәні бар жүрек-қантамыр аурулары, оның ішінде аритмиясы бар пациенттерде, немесе биопрепараттармен, оның ішінде ритуксимабпен кез келген алдыңғы ем барысында күрделі инфузиялық реакциялар болғанда ин-фузия жылдамдығын арттыру ұсынылмайды.

Артық дозалану жағдайында қабылдау қажет болатын шаралар

Адамдардағы клиникалық зерттеулер аясында ұсынылғаннан астам дозаларда ритуксимаб қолданудың шектеулі тәжірибесі бар. Ең жоғары доза 5000 мг (2250 мг/м²) клиникалық зерттеулер аясында созылмалы лимфолейкозы бар пациенттерге жоғарылататын дозада тағайындалды, қауіпсіздігі бойынша қо-сымша деректер алынған жоқ.

Артық дозалануы анықталған жағдайда препарат инфузиясын дереу тоқтату керек және пациенттің жай-күйін мұқият бақылау керек.

Тіркелгеннен кейінгі бақылауда ритуксимабпен артық дозалануының бес жағдайы туралы мәлімделді. Үш жағдайда жағымсыз құбылыстар туралы ха-барланбады. Артық дозалануының асқынулары арасында тұмауға ұқсас сим-птомдар байқалды (ритуксимаб дозасы 1,8 г) және өліммен аяқталған тыныс алу жеткіліксіздігі (ритуксимаб дозасы 2,0 г).

Дәрілік препаратты стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағым-сыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шара-лар

Ходжкиндік емес лимфомада және созылмалы лимфолейкозда қолданылуы

Ходжкиндік емес лимфоманы және созылмалы лимфолейкозды емдеген кезде-гі ритуксимабтың қауіпсіздік бейіні клиникалық сынақтар мен тіркеуден кей-інгі бақылаулардың мәліметтері негізінде анықталған. Пациенттер ритуксима-бпен монотерапия (индукциялық ем немесе индукциялықтан кейінгі демеуші ем) немесе ритуксимабпен химиялық емнің біріктірілімін алды.

Ритуксимабты қабылдаған пациенттердегі ең жиі байқалған жағымсыз ре-акциялар пациенттердің көпшілігінде бірінші инфузия кезінде пайда болған инфузиялық реакциялар болды. Инфузиямен байланысты симптомдардың жиілігі келесі инфузияларда едәуір азаяды және ритуксимабтың сегізінші ин-фузиясынан кейін 1%-дан азды құрайды.

Инфекциялық асқынулардың (көбінесе бактериялық және вирустық табиға-тымен) дамуы ХЕЛ бар пациенттерде клиникалық зерттеулерде шамамен 30-55%, СЛЛ бар пациенттерде клиникалық зерттеулерде 30-50% байқалды.

Ритуксимаб

Ең көп таралған күрделі жағымсыз дәрілік реакциялар:

- Инфузиялық реакциялар (оның ішінде цитокиндердің босап шығу синдромы және ісік лизисі синдромы).
- Инфекциялар.
- Жүрек-қантамыр бұзылыстары.

Сондай-ақ күрделілер арасында В гепатитінің қайта белсенділенуі және үдемелі көп ошақты лейкоэнцефалопатия тіркелді.

Ритуксимабты монотерапия ретінде немесе химиялық еммен біріктіріп пайдалану кезіндегі жағымсыз реакциялардың пайда болу жиілігі төменде келтірілген. Әрбір жиілік тобында жағымсыз әсерлер күрделілігінің кему ретімен берілген. Реакция жиілігін бағалау үшін мынадай критерийлер пайдаланылады: өте жиі ($\geq 1/10$), жиі ($\geq 1/100 - < 1/10$ дейін), жиі емес ($\geq 1/1\ 000 - < 1/100$ дейін), сирек ($\geq 1/10\ 000 - < 1/1\ 000$ дейін), өте сирек ($< 1/10\ 000$) және белгісіз (қолда бар деректер негізінде баға беру мүмкін емес).

Тіркеуден кейінгі қадағалау кезінде ғана анықталған және жиілігін бағалау мүкін емес ЖР «белгісіз» деп тізбеленген

Ритуксимабты монотерапия және (немесе) демеуші ем ретінде немесе химиялық еммен біріктіріп қабылдаған ХЕЛ және СЛЛ бар пациенттерде клиникалық зерттеулерде немесе тіркеуден кейінгі қадағалау кезінде байқалған ЖР:

Өте жиі

- бактериялық инфекциялар, вирусты инфекциялар, + бронхит;
- нейтропения, лейкопения, + фебрильді нейтропения, + тромбоцитопения;
- инфузиялық реакциялар⁴, ангионевроздық ісіну;
- жүрек айнуы;
- қышыну, бөртпе, + алопеция;
- қызба, қалтырау, астения, бас ауыруы;
- IgG деңгейінің азаюы.

Жиі

- сепсис, + пневмония, + дене температурасының көтерілуімен қатар жүретін инфекциялар, + белдемелі ұшық, + тыныс жолдарының инфекциялары, зендік инфекциялар, шығу тегі белгісіз инфекциялар, + жедел бронхит, + синусит, В¹ гепатиті;
- анемия, + панцитопения, + гранулоцитопения;
- аса жоғары сезімталдық;
- гипергликемия, салмақтың азаюы, шеткері ісінулер, беттің ісінуі, ЛДГ жоғарылауы, гипокальциемия;
- парестезиялар, гипестезия, қозу, ұйқысыздық, вазодилатация, бас айналу, үрейлену;

- жас бөлінуінің бұзылуы, конъюнктивит;
- құлақтың шыңылдауы, құлақтың ауруы;
- тахикардия, + миокард инфарктісі^{4,6}, аритмия, + жүрекшенің фибрилляциясы, + жүрек аурулары;
- гипертензия, ортостаздық гипотензия, гипотензия;
- бронх түйілуі⁴, тыныс алу ағзаларының аурулары, кеуденің ауыруы, ентігу, жөтелдің күшеюі, ринит;
- құсу, диарея, іштің ауыруы, дисфагия, стоматит, іш қату, диспепсия, анорексия, тамақтың тітіркенуі;
- есекжем, тершеңдік, түнгі тершеңдік, +тері аурулары;
- гипертонус, бұлшықет ауыруы, буындардың ауыруы, арқаның ауыруы, мойынның ауыруы, ауырсыну;
- ісік аймағының ауыруы, қан кернеулер, дімкәстік, тұмау тәрізді синдром,
- +шаршағыштық, + қалтырау, + полиағзалық жеткіліксіздік⁴.

Жиі емес

- қан ұйығыштығының бұзылуы, апластикалық анемия, гемолиздік анемия, лимфаденопатия;
- депрессия, күйгелектік;
- дисгевзия;
- + сол жақ қарынша жеткіліксіздігі, + қарынша үстілік тахикардия, + қарыншалық тахикардия, + стенокардия, + миокард ишемиясы, брадикардия;
- демікпе, облитерацияланушы бронхиолит, өкпе аурулары, гипоксия;
- іштің ұлғаюы;
- инфузия орнындағы ауыру.

Сирек

- күрделі вирусты инфекциялар², пневмоцистік пневмония;
- анафилаксия;
- ауыр жүрек аурулары^{4,6};
- өкпенің интерстициальді ауруы⁷.

Өте сирек

- үдемелі көпошақты лейкоэнцефалопатия;
- қан сарысуындағы IgM деңгейінің өткінші жоғарылауы³;
- ісік лизисі синдромы, цитокиндердің босап шығу синдромы⁴, сарысу құю ауыруы;
- шеткері невропатия, бет жүйкесінің салдануы⁵;
- көрудің ауыр түрдегі нашарлауы⁵;

Ритуксимаб

- жүрек жеткіліксіздігі^{4,6}
- васкулит (көбінесе терінің), лейкоцитокластикалық васкулит;
- тыныс алу жеткіліксіздігі⁴;
- асқазанның және/немесе ішектің тесілуі⁷;
- ауыр буллездік тері реакциялары, Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз (Лайелл синдромы)⁷;
- бүйрек жеткіліксіздігі⁴.

Белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес)

- кешеуілдеген нейтропения³;
- инфузиялық реакциялармен астасқан жедел қайтымды тромбоцитопения⁴;
- естімей қалу⁵;
- өкпе инфильтрациясы.

Әрбір термин үшін жиілігін есептеу реакцияның пайда болуының кез келген дәрежесі негізінде (жеңілден ауырға дейін) жүргізілді, «+» деп белгіленген терминдерді қоспағанда, олар үшін жиілікті есептеу тек ауыр біліністерге ғана негізделді (Ұлттық обыр институтының реакциялардың Жалпы уыттылық критерийлері шкаласы (NCI CTC бойынша ≥ 3 балл)). Клиникалық зерттеулердегі реакция біліністерінің ең жиі жағдайлары ғана есепке алынды

1 қайта белсенділенуді және алғашқы инфекцияларды қамтиды; жиілігі R-FC сызбасы бойынша қайталанатын/рефрактерлік СЛЛ емі кезіндегі мәліметтерге негізделген

2 төменде инфекциялар бөлімін де қараңыз

3 төменде гематологиялық жағымсыз реакциялар бөлімін де қараңыз

4 төменде инфузиялық реакциялар бөлімін де қараңыз. Сирек өлім жағдайлары тіркелген

5 бассүйек жүйкелері нейропатиясының белгілері мен симптомдары. Ритуксимабпен емді аяқтағаннан кейін бірнеше айға дейінгі әртүрлі уақытта орын алды

6 негізінен жүрек аурулары бар және/немесе бұдан бұрын кардиоуытты химиялық ем алған пациенттерде байқалды әрі көбінесе инфузиялық реакциялармен қатар жүрді

7 өлім жағдайларын қоса

Төменде келтірілген терминдермен белгіленген жағымсыз құбылыстар клиникалық зерттеулер кезінде тіркелген, алайда ритуксимабпен емделген пациенттер тобында бақылау топтарымен салыстырғанда дәл сондай немесе азырақ жиілікте кездесті: гематоуыттылық, нейтропениялық инфекция, несеп шығару жолдарының инфекциялары, сенсорлық бұзылыс, гипертермия. Инфузиялық реакцияларды көрсететін белгілер мен симптомдар клиникалық зерттеулерге қатысқан 50%-дан астам пациенттерде тіркелді, және көбінесе бірінші инфузия кезінде алғашқы бір немесе екі сағатта білінді. Негізінен олар қызба, қалтырау және діріл түрінде пайда болды. Сондай-ақ гиперемия, ангионевроздық ісіну, бронх түйілуі, құсу, жүрек айну, есекжем / бөртпе, қажу, бас ауыруы, тамақтың тітіркенуі, тұмау, қышыну, ауыру, тахикардия,

артериялық гипертензия, гипотензия, еңтігу, диспепсия, астению және ісік лизисі синдромының белгілері байқалды. Ауыр инфузиялық реакциялардың (бронх түйілуі, гипотензия сияқты) пайда болуы 12% жағдайлардан асқан жоқ. Бұдан басқа, бірқатар жағдайларда миокард инфарктісі, қарынша фибрилляциясы, өкпе ісінуі және жедел қайтымды тромбоцитопения тіркелген. Стенокардия немесе іркілген жүрек жеткіліксіздігі сияқты бұрыннан бар жүрек аурулары ағымының нашарлауы, немесе жүрек тарапынан ауыр бұзылыстар (жүрек жеткіліксіздігі, миокард инфарктісі, қарыншалар фибрилляциясы), өкпенің ісінуі, полиағзалық жеткіліксіздік, ісік лизисі синдромы, цитокиндердің босап шығу синдромы, бүйрек жеткіліксіздігі, және тыныс алу жеткіліксіздігі төменірек немесе белгісіз жиілікпен білінді. Инфузиялық реакциялар симптомдарының пайда болу жиілігі кейінгі инфузияларда едәуір төмендеді. Ритуксимабты қамтитын, емдеудің сегізінші циклінде олар <1% пациенттерде кездесті.

Жекелеген жағымсыз реакцияларды сипаттау

Инфекциялар

Ритуксимаб пациенттердің 70-80%-да В-лимфоциттер пулының азаюын туындатты, мұндайда сарысудағы иммуноглобулиндер концентрацияларының төмендеуі пациенттердің аздаған тобында ғана байқалады.

Рандомизацияланған зерттеулерде жергілікті кандидоздың және белдемелік ұшықтың көрініс беру жағдайлары ритуксимабпен емделіп жүрген топтарда өте жоғары жиілікпен тіркелді. Ауыр инфекциялар ритуксимабпен монотерапия қабылдап жүрген пациенттердің шамамен 4%-да тіркелді. Ритуксимабпен ұзақтығы 2 жылға дейін демеуші ем жүргізгенде инфекциялардың, соның ішінде ауырлығы 3-4 дәрежедегі жалпы жиілігінің, бақылау тобымен салыстырғанда, артқаны байқалды. 2 жылдық емдеу кезеңі ішінде инфекциялардың даму қаупіне қатысты жиналған уыттылық жөнінде қандай да болсын деректер алынған жоқ.

Бұдан басқа, ритуксимабпен емдеу барысында басқа ауыр вирустық инфекциялардың көрініс беру жағдайлары, соның ішінде жаңа жағдайлар, бұрын болған инфекциялардың қайта белсенділенуі немесе өршулері, соның ішінде өліммен аяқталу жағдайлары тіркелді. Көптеген пациенттер гемопоэздік діндік жасушаларды трансплатациялағанда ритуксимабты химиялық еммен біріктіріп немесе курстың бөлігі ретінде қабылдады. Осындай күрделі вирустық инфекциялардың мысалдары ұшық вирустары (цитомегаловирус, желшешек вирусы және қарапайым ұшық вирусы), JC вирус (ҮКЛ) және С гепатиті вирусы эсерлерінен туындаған инфекциялар болып табылады.

Клиникалық зерттеулерде аурулар өршігеннен және қайталап емдегеннен кейін өліммен аяқталған ҮКЛ жағдайлары да тіркелді.

В гепатиті реактивациясының жағдайлары тіркелді, олардың көпшілігі ритуксимабты цитоуытты химиялық еммен біріктіріп қабылдаған науқастарда

Ритуксимаб

байқалды. Қайталанатын/химиялық төзімді СЛЛ бар пациенттерде ауырлығы 3-4 дәрежедегі В гепатитінің пайда болу жиілігі (қайта белсенділену және алғашқы инфекция) R-FC сызбасы бойынша емдегенде, FC сызбасы бойынша ем қабылдаған пациенттердегі 0%-ға қарсы 2% құрады.

Капоши саркомасының өршуі ритуксимабпен ем қабылдап жүрген, бұрын Капоши саркомасы болған пациенттерде байқалды. Көптеген жағдайларда бұл реакциялар АИТВ-оң пациенттерде байқалды және қолдану жөнінде бекітілмеген көрсетілімдері бойынша емделгенде болды.

Гематологиялық жағымсыз реакциялар

Гематологиялық бұзылулар пациенттердің аздаған бөлігінде байқалды және көбіне жеңіл және қайтымды болды. Ауыр (ауырлығы 3-4 дәрежедегі) нейтропения пациенттердің 4,2%-да, анемия пациенттердің 1,1%-да, тромбоцитопения пациенттердің 1,7%-да байқалды. Ритуксимабпен ұзақтығы 2 жылға дейінгі демеуші ем барысында, бақылау тобымен салыстырғанда лейкопения (ауырлығы 3 және 4 дәреже, сәйкесінше, 2%-бен салыстырғанда 5%) және нейтропения (ауырлығы 3 және 4 дәреже, сәйкесінше, 10% және 4%) үлкен жиілікпен байқалды. Тромбоцитопения сирек дамыды (<1%, ауырлығы 3-4 дәрежеде), оның жиілігінің емдеу топтары арасында айырмашылығы болған жоқ.

Ритуксимабты химиялық еммен біріктіріп емдеу барысында, тек химиялық емді ғана қолданған кездегі жиілікпен салыстырғанда, ауырлығы 3-4 дәрежедегі лейкопениялар (бұрын емделмеген, СЛЛ бар пациенттерде СНОР 79%-бен салыстырғанда R-СНОР 88%, FC 12%-бен салыстырғанда R-FC 23%), нейтропениялар (CVP 14%-бен салыстырғанда R-CVP 24%; СНОР 88%-бен салыстырғанда R-СНОР 97%, FC 19%-бен салыстырғанда R-FC 30%), панцитопениялар (бұрын емделмеген, СЛЛ бар пациенттерде FC 1%-бен салыстырғанда R-FC 3%) дамуының өте жиі жағдайлары тіркелді. Дегенмен, ритуксимабты химиялық еммен біріктіріп қабылдаған пациенттерде, тек химиялық емді ғана қабылдаған пациенттермен салыстырғанда, нейтропенияның өте жоғары жиілікте дамуы инфекциялық асқынулардың өте жоғары жиілігімен байланысты болған жоқ.

Бұрын ем қабылдамаған пациенттерге және қайталанатын немесе химиялық тұрақты ХЛЛ бар пациенттерге жүргізілген зерттеулер ритуксимабты FC-пен біріктіріп емдеуден кейін R-FC сызбасы бойынша ем қабылдап жүрген пациенттердің 25%-ға дейінде нейтропенияның іркілгенін (препаратты соңғы енгізуден кейін 24 және 42 күн арасындағы кезеңдегі нейтрофилдер мөлшері $1 \times 10^9/\text{л}$ -ден төмен), немесе кеш білінгенін (іркілген нейтропениясы болмаған және 42 күнге дейін қалпына келген пациенттерде препаратты соңғы енгізуден кейін 42 күннен соң нейтрофилдер мөлшері $1 \times 10^9/\text{л}$ -ден төмен) көрсетті.

Анемияның даму жиілігінде айырмашылықтар байқалған жоқ. Ритукси-

мабтың соңғы инфузиясынан кейін 4 аптадан кейіннен кешірек басталған кеш нейтропенияның көрініс беру жағдайлары тіркелді.

Vinet классификациясы бойынша С сатысындағы пациенттерді алғашқы желілік емдеуге жүргізілген зерттеулерде R-FC қабылдаған пациенттерде, FC тобымен салыстырғанда жағымсыз құбылыстардың көбірек байқалғанын көрсетті (R-FC 83% және FC 71%).

Қайталанатын/рефрактерлі СЛЛ жүргізілген зерттеулерде ауырлығы 3-4 дәрежедегі тромбоцитопения, FC тобындағы пациенттердің 9%-бен салыстырғанда, R-FC тобындағы пациенттердің 11%-да тіркелді.

Вальденстрем макроглобулинемиясы бар пациенттерді емдеуге ритуксимабты қолдануға жүргізілген зерттеулерде емдеуді бастағаннан кейін IgM сарысулық деңгейінің қысқа мерзімдік жоғарылауы тіркелді, бұл жоғары тұтқырлық синдромының дамуымен және қатар жүретін біліністермен қатар жүруі мүмкін. IgM уақытша жоғарылаған деңгейі әдетте бастапқы мәндеріне 4 айдың ішінде оралды.

Жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан жағымсыз реакциялар

Клиникалық зерттеулерде ритуксимабпен монотерапияда жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан реакциялар пациенттердің 18,8%-да байқалды. Артериялық қысымның төмендеуі және жоғарылауы өте жиі кездесті. Инфузия кезінде ауырлығы 3 және 4 дәрежедегі жүрек ырғағының бұзылу жағдайлары (қарыншалық және қарыншаүстілік тахикардияны қоса) және стенокардиялар байқалды.

Демеуші емде ауырлығы 3 және 4 дәрежедегі жүрек-қантамырлық бұзылулардың жиілігі ритуксимабты қабылдаған және оны қабылдамаған науқастарда ұқсас болды. Жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан күрделі жағымсыз құбылыстар (соның ішінде, жүрекшелер фибрилляциясы, миокард инфарктісі, сол жақ қарынша функциясының жеткіліксіздігі, миокард ишемиясы) ритуксимаб қабылдамаған науқастардың 1%-дан азында және ритуксимаб қабылдаған науқастардың 3%-да пайда болды.

Ритуксимабтың химиялық еммен біріктірілімінің тиімділігін бағалауға жүргізілген зерттеулерде ауырлығы 3 және 4 дәрежедегі жүрек ырғағы бұзылуларының жиілігі, негізінен қарыншаүстілік аритмиялар (тахикардия, жүрекшелердің жыпылықтауы және жыбырлауы) СНОР тобымен (3 пациент, 1,5%) салыстырғанда, R-СНОР тобында (14 пациент, 6,9%) жоғары болды. Барлық аритмиялар ритуксимаб инфузиясымен байланысты дамыды, немесе оған бейім қызба, инфекция, жедел миокард инфарктісі сияқты жағдайлармен байланысты болды немесе қатар жүретін тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйелерінің аурулары аясында дамыды. R-СНОР және СНОР топтарында, жүрек жеткіліксіздігін, миокард ауруын және жүректің ишемиялық ауруының манифестациясын қоса, ауырлығы 3 және 4 дәрежедегі жүрек аурулары тарапынан жағымсыз құбылыстардың жиілігі бойынша айырмашылықтары болған жоқ.

Ритуксимаб

Зерттеулерде СЛЛ-де ауырлығы 3 және 4 дәрежедегі жүрек-қантамыр бұзылуларының жалпы жиілігі алғашқы желілік емдеуде де (R-FC тобында 4%, FC тобында 3%), сонымен қатар қайталанатын/рефрактерлі созылмалы лимфолейкозды емдеуде де (R-FC 4%, FC 4%) төмен болды.

Тыныс алу жүйесі

Өкпенің интерстициальді ауруларының даму жағдайлары, соның ішінде кейбіреулерінде өліммен аяқталу тіркелді.

Неврологиялық бұзылыстар

Жүрек-қантамырларының қауіп факторлары бар R-СНОР тобындағы (R-СНОР режимі қамтылатын емдеудің индукциялық фазасы, 8 циклден көп емес) 4 науқаста (2%) емдеудің алғашқы циклі барысында тромбоземболия әсерінен туындаған ми қан айналымының бұзылуы дамыды. Топтар арасында басқа тромбоземболиялар жиілігі бойынша айырмашылық болған жоқ. СНОР тобында цереброваскулярлы құбылыстар 3 пациентте (1,5%) білінді, олардың барлығы кейінгі бақылаулар кезеңінде көрініс берді.

Клиникалық зерттеулерде жалпы ауырлығы 3 және 4 дәрежедегі неврологиялық бұзылу жиілігі созылмалы лимфолейкозды емдеудің алғашқы желісінде де (R-FC тобында 4%, FC тобында 4%), сонымен қатар қайталанатын/рефрактерлі созылмалы лимфолейкозды емдеуде де (R-FC тобында 3%, FC тобында 3%) төмен болып шықты.

Қайтымды артқы энцефалопатия синдромының/қайтымды артқы лейкоэнцефалопатиялық синдромның даму жағдайлары тіркелді. Бұл жағдайлар көрудің бұзылуымен, бас ауырумен, құрысулармен және гипертензиямен қатар жүретін немесе қатар жүрмейтін психикалық жағдайлармен көрініс берді. Осы диагноздарды айғақтау үшін миды көзбен шолу қажет. Анықталған жағдайларда қайтымды артқы энцефалопатия синдромының / қайтымды артқы лейкоэнцефалопатиялық синдромның даму қаупінің белгілі факторлары, соның ішінде пациенттің негізгі ауруы, гипертензия, иммуносупрессиялық ем және/немесе химиялық ем болды.

Асқазан-ішек бұзылыстары

Асқазан-ішек жолының кейбір жағдайларда өлімге әкеп соғатын тесілулері ходжиндік емес лимфоманы емдеу үшін ритуксимаб қабылдаған пациенттерде тіркелді. Осы жағдайлардың көбісінде ритуксимаб химиялық еммен бір кешенде қолданылды.

IgG концентрациясы

Қайталанған / рефрактерлі фолликулярлық лимфомасы бар пациенттердің демеуші еміне жүргізілген клиникалық зерттеулерде индукциялық курстан кейін ритуксимаб қабылдаған топта да, және препарат қабылдамаған топта да IgG концентрациясының медианасы қалыптың төменгі шегінен төмен (<7 г/л) болды. Ритуксимаб қабылдамаған топта IgG деңгейінің медианасы біртіндеп артты және қалыптың төменгі шегінен асты, ал осы кезде ритук-

симаб қабылдаған топта IgG деңгейінің медианасы өзгерген жоқ. Ритуксимабты 2 жыл бойы қабылдаған пациенттердің 60%-да IgG деңгейі қалыптың төменгі шегінен төмен күйінде қалды, ал бұл кезде ритуксимабпен емделмеген топта 2 жылдан соң мұндай пациенттердің үлесі 36% дейін төмендеді. Ритуксимаб қабылдаған балаларда гипогаммаглобулинемияның даму жағдайлары жөнінде кездейсоқ мәлімдемелердің және жарияланымдардың аздаған саны тіркелді. Осы көріністердің кейбіреулері ауыр болды және имуноглобулинмен ұзақ уақыт демеуші емдеуді қажет етті.

Бала жастағы пациенттерде В-жасушалары пулының ұзақ мерзімдік азаю салдарлары белгісіз.

Тері және теріасты шелдері тарапынан бұзылыстар

Уытты эпидермалық некролиз (Лайелл синдромы) және Стивенс-Джонсон синдромы, кейбір жағдайларда өлімге әкеліп соққан, өте сирек тіркелді.

Науқастардың ерекше санаттары – ритуксимабпен монотерапия

Үлкен жас тобы (≥ 65 жас):

Барлық жағымсыз дәрілік реакциялардың және 3 пен 4 ауырлық дәрежесіндегі жағымсыз реакциялардың жиілігі мен ауырлық дәрежесінің жасырақ пациенттердегі (< 65 жас) осындайdan өзгешелігі жоқ.

Ауқымды ісіктік зақымдану

Ауқымды ісіктік зақымдануы бар пациенттерде оның болмауымен салыстырған ЖР дамуының жоғарырақ жиілігі тіркелді (сәйкесінше 25,6 % және 15,4 %). Бұл топтарда кез келген дәрежедегі ЖР даму жиілігі бірдей.

Қайталанған ем:

Қайталанған ем кезінде ЖР бар пациенттердің үлесі бастапқы емді жүргізген кездегі осындайdan өзгешеленбейді (ЖР кез келген дәрежесі және 3-4 дәрежелері).

Науқастардың ерекше санаттары – ритуксимабпен біріктіріп емдеу

Егде жастағы пациенттер (≥ 65 жас)

Ритуксимабты емнің бірінші желісінде қолданған кезде, сондай-ақ қайталанатын/рефрактелі созылмалы лимфолейкозды емдегенде қан жүйесі мен лимфа жүйесі тарапынан ауырлығы 3 және 4 дәрежелі жағымсыз құбылыстар жиілігі жасырақ пациенттермен (< 65 жас) салыстырғанда жоғарырақ болды.

Препаратты ревматоидты артритте қолдану тәжірибесі

Ритуксимабтың ревматоидты артритті емдеудегі жалпы қауіпсіздік бейіні клиникалық сынақтар мен тіркеуден кейінгі бақылаулардың мәліметтері негізінде анықталған.

Ритуксимабты ауырлығы орташа және ауыр ревматоидты артриті бар пациенттерді емдеуге қолданудың қауіпсіздік бейіні келесі бөлімдерде келтірілген. Тіркеуден кейінгі бақылаулар барысында жинақталған қауіпсіздік туралы ақпа-

Ритуксимаб

рат ритуксимабты клиникалық зерттеулердің материалдарынан анықталған жағымсыз реакциялардың күткендегідей бейінін көрсетеді.

Реакция жиілігін бағалау үшін мынадай критерийлер пайдаланылады: өте жиі ($\geq 1/10$), жиі ($\geq 1/100 - < 1/10$), жиі емес ($\geq 1/1\ 000 - < 1/100$), сирек ($\geq 1/10\ 000 - < 1/1\ 000$), өте сирек ($< 1/10\ 000$) және белгісіз (қолда бар деректер негізінде баға беру мүмкін емес). Әрбір жиілік тобында жағымсыз әсерлер күрделілігінің кему ретімен берілген.

Ритуксимабты қолдануға байланысты жағымсыз реакциялардың арасында ең жиі тіркелгені инфузиялық реакциялар болды. Алғашқы инфузиядан инфузиялық реакциялар 23% пациенттерде пайда болды, реакциялар жиілігі келесі инфузияларда азайды. Күрделі инфузиялық реакциялар сирек (0,5% пациенттерде) және көбінесе бастапқы курс кезінде байқалды.

Ревматоидты артрит кезінде қолданудағы клиникалық зерттеулерде анықталған реакциялармен қатар, тіркеуден кейінгі қадағалау кезеңінде ҮКЛ пайда болу жағдайлары және сарысу құю ауруы типтес реакциялар тіркелді.

Ревматоидты артриті бар пациенттерді ритуксимабпен емдеуді клиникалық және тіркеуден кейінгі қадағалау барысында тіркелген жағымсыз дәрілік реакцияларға шолу:

Өте жиі

- жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялары, несеп шығару жолдарының инфекциялары;
- ³инфузиялық реакциялар (гипертензия, жүрек айну, бөртпе, қызба, қышыну, есекжем, тамақтың тітіркенуі, қан кернеулер, гипотензия, ринит, діріл, тахикардия, қажу, ауыз-жұтқыншақтың ауыруы, шеткері ісінуілер, эритема);
- бас ауыруы;
- IgM⁴ деңгейінің азаюы.

Жиі

- бронхит, синусит, гастроэнтерит, табан микозы;
- нейтропения¹;
- гиперхолестеринемия;
- парестезиялар, бас сақинасы, бас айналу, құйымшақ жүйкесінің қабынуы;
- алопеция;
- депрессия, үрейлену;
- диспепсия, диарея, гастроэзофагеальді рефлюкс, ойық жаралы стоматит, іштің жоғарғы тұсының ауыруы;
- артралгия/қаңқа-бұлшықет ауырулары, остеоартроз, бурсит;
- IgG⁴ деңгейінің азаюы.

Жиі емес

- ³Инфузиялық реакциялар (анасарка, бронх түйілуі, ысқырып дем алу, көмекейдің ісінуі, ангионевроздық ісіну, жайылған қышыну, анафилаксия, анафилактоидты реакциялар);

Сирек

- кешеуілдеген нейтропения²;
- стенокардия, жүрекше фибрилляциясы, жүрек жеткіліксіздігі, миокард инфарктісі

Өте сирек

- ҮКЛ, В гепатитінің қайта белсенділенуі;
- сарысу құю ауруы типтес реакциялар;
- жүрекшенің жыпылықтауы;
- уытты эпидермалық некролиз (Лайелл синдромы), Стивенс-Джонсон синдромы⁵.

1 Жиілігі клиникалық зерттеулер барысында дәстүрлі зертханалық мониторинг аясында алынған

2 Жиілігі тіркеуден кейінгі мәліметтер негізінде алынған

3 Инфузия кезінде немесе одан кейін 24 сағат ішінде болған реакциялар. Төменде инфузиялық реакцияларды да қараңыз. Инфузиялық реакциялар аса жоғары сезімталдықтың және/немесе препараттың әсер ету механизмінің нәтижесінде туындауы мүмкін.

4 Дәстүрлі зертханалық мониторинг аясында жинақталған нәтижелерді қоса алғанда.

5 Өліммен аяқталған жағдайларды қоса алғанда

Көп реттік емдеу

Ритуксимабпен көптеген емдеу курстары барысында пайда болған ЖР бейіні алғашқы қолданудан кейін пайда болған ЖР бейініне ұқсас. Ритуксимабты алғашқы қолданудан кейінгі барлық жағымсыз реакциялар жиілігі алғашқы 6 айдың ішінде көп болып, содан кейін азайды. Бұл динамика, негізінен, инфузиялық реакциялардың (емдеудің алғашқы курсы кезінде неғұрлым жиі пайда болғандар), РА және инфекцияның өршуінің көп санымен анықталады; барлық аталған реакциялар емдеудің алғашқы 6 айында неғұрлым жиі болды.

Кейбір жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Инфузиялық реакциялар

Инфузиялық реакциялар ритуксимабты енгізу кезіндегі ең жиі кездесетін жағымсыз реакция болып шықты.

Тіркеуден кейінгі кезеңде өліммен аяқталған ауыр инфузиялық реакция жағдайлары тіркелді.

РА бар науқастарды емдеу үшін ритуксимабты жеделдетіп инфузиялаудың қауіпсіздігіне баға беруге бағытталған зерттеуде алғашқы инфузиядан кейінгі 24 сағат ішінде күрделі инфузиялық реакция белгілерінсіз орташа ауыр

Ритуксимаб

және ауыр РА бар пациенттерге, ритуксимаб вена ішіне екі сағаттық инфузия түрінде енгізілді. РА емдеу үшін биопрепараттарды енгізуге бұдан бұрын анықталған күрделі инфузиялық реакциялары бар пациенттер зерттеуге қатыстырылған жоқ. Инфузиялық реакциялардың жиілігі, сипаты және ауырлығы бұрын байқалған мәндермен деңгейлес болды. Күрделі инфузиялық реакциялар тіркелген жоқ.

Инфекциялар

Ритуксимабты қабылдаған пациенттер арасындағы инфекциялардың жалпы жиілігі 100 пациент-жылға шамамен 94 болды. Инфекциялар негізінен ауырлық дәрежесі жеңіл немесе орташа жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялары және несеп шығару жолдарының инфекциялары түрінде болды. Ауыр инфекциялардың және антибиотиктерді вена ішіне енгізуді қажет ететін инфекциялардың жиілігі 100 пациент-жылға 4 болды. Ритуксимабпен көп рет емдеу курстары барысындағы күрделі инфекциялардың жиілігінің айқын өсуі байқалған жоқ. Төменгі тыныс жолдарының инфекциялары (пневмонияны қоса) клиникалық сынақтар кезінде ритуксимабты алған топта бақылау топтарымен салыстырғанда пайда болу жиілігі ұқсас болып тіркелді.

Ревматоидты артрит және аутоиммундық ауруларға байланысты, оның ішінде жүйелі қызыл жегіге және васкулитке байланысты қолдануға болады деп көрсетілмеген, ритуксимабпен ем алған пациенттерде өліммен аяқталған үдемелі көп ошақты лейкоэнцефалопатияның даму жағдайлары тіркелді.

Ходжкіндік емес лимфомасы бар, ритуксимабты цитоуытты химиялық еммен үйлестіріп алған пациенттерде В гепатитінің қайта белсенділену жағдайлары тіркелді. Ритуксимабты қабылдаған РА бар пациенттерде, В гепатитінің қайта белсенділену жағдайлары өте сирек тіркелді.

Жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан жағымсыз реакциялар

Жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан күрделі жағымсыз реакциялар жиілігі ритуксимабты алған пациенттерде 100 пациент-жылға 1,3 және плацебо алған пациенттерде 100 пациент-жылға 1,3 болды. Ритуксимабпен көп рет емдеу курстары барысында жүрек тарапынан барлық, сонымен қатар тек қана күрдел жағымсыз реакциялардың да жиілігінің ұлғаюы тіркелген жоқ.

Неврологиялық бұзылыстар

Қайтымды артқы энцефалопатия синдромының/ қайтымды артқы лейкоэнцефалопатиялық синдромның даму жағдайлары тіркелді. Бұл жай-күйлер көрудің бұзылуымен, бас ауыруымен, құрысулармен және психикалық жай-күйдің өзгеруімен, қатар жүретін гипертензиямен және онсыз білінді. Диагностардың мәліметтерін растау үшін миға визуализация жүргізу қажет. Анықталған жағдайларда қайтымды артқы энцефалопатия синдромының/ қайтымды артқы лейкоэнцефалопатиялық синдромның даму қаупінің

белгілі факторлары, оның ішінде, пациенттің негізгі ауруы, гипертензия, иммуносупрессиялық ем және/немесе химиялық ем болды.

Нейтропения

Ритуксимабпен емдеу кезінде нейтропенияның даму жағдайлары тіркелді, олардың көпшілігі уақытша, ауырлық дәрежесі жеңіл немесе орташа болды. Нейтропения ритуксимабты енгізгеннен кейін бірнеше айдың ішінде пайда болуы мүмкін. Ритуксимаб қабылдаған 0,94% (13/1382) пациенттерде және плацебо қабылдаған 0,27% (2/731) пациенттерде ауыр нейтропения дамыған. Нейтропения жағдайлары, оның ішінде ауыр кешеуілдеген және тұрақты нейтропения тіркеуден кейінгі қадағалау барысында сирек кездесті, кейде олар өліммен аяқталған инфекцияның дамуымен қатар жүрді.

Тері және теріасты шелдері тарапынан бұзылыстар

Уытты эпидермалық некролиз (Лайелл синдромы) және Стивенс-Джонсон синдромы, кейбіреуі өліммен аяқталған, өте сирек тіркелді.

Зертханалық көрсеткіштердің ауытқулары

Ритуксимабты алған РА бар пациенттерде гипогаммаглобулинемия пайда болды (IgG немесе IgM деңгейі төменгі қалып шегінен төмен). IgG немесе IgM деңгейінің төмендеуі пациенттерде инфекциялық аурулар жиілігінің артуымен қатар жүрген жоқ.

Ритуксимабты алған балаларда гипогаммаглобулинемияның дамыған жағдайлары туралы аздаған өздігінен келіп түскен хабарлар мен жарияланымдар тіркелді. Бұл көріністердің кейбіреулері ауыр болды және иммуноглобулинмен ұзақ уақыт демеуші емді қажет етті.

Бала жастағы пациенттерде В-жасушалары пулының ұзақ мерзімдік азаюының салдарлары туралы ақпарат жоқ.

Полиангиитпен гранулематозды және микроскопиялық полиангиитті емдеу тәжірибесі

1 кестеде келтірілген жағымсыз дәрілік реакциялар ритуксимабты алған $\geq 5\%$ пациенттерде байқалды.

1-кесте. Тіркелетін клиникалық зерттеуде ритуксимабты алған $\geq 5\%$ пациенттерде 6 айдың ішінде байқалған, салыстыру тобындағы пациенттерге қарағанда жиілігі басым болған жағымсыз дәрілік реакциялар

Организм жүйесі Жағымсыз құбылыс	Ритуксимаб (n=99)
Қан түзу және лимфа жүйесі тарапынан бұзылыстар	
тромбоцитопения	7%

Ритуксимаб

Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылыстар	
диарея	18%
диспепсия	6%
іш қату	5%
Енгізген жердегі жалпы бұзылулар мен бұзылыстар	
шеткері ісінулер	16%
Иммундық жүйе тарапынан бұзылыстар	
цитокиндердің босап шығу синдромы	5%
Инфекциялар және инвазиялар	
несеп шығару жолдарының инфекциялары	7%
бронхит	5%
белдемелі ұшық	5%
назофарингит	5%
Зертханалық және аспаптық мәліметтер	
гемоглобиннің төмендеуі	6%
Зат алмасудың және тамақтанудың бұзылыстары	
гиперкалиемия	5%
Қаңқа-бұлшықет және дәнекер тіні тарапынан бұзылыстар	
бұлшықет түйілуі	18%
артралгия	15%
арқаның ауыруы	10%
бұлшықет әлсіздігі	5%
қаңқа-бұлшықет ауыруы	5%
аяқ-қолдардың ауыруы	5%
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылыстар	
бас айналу	10%
тремор	10%
Психикалық бұзылыстар	
ұйқысыздық	14%
Тыныс алу жүйесі, кеуде және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылыстар	
жөтел	12%
ентігу	11%

мұрыннан қан кету	11%
мұрынның бітелуі	6%
Тері және теріасты шелдерінің аурулары	
акне	7%
Тамырлар тарапынан бұзылыстар	
гипертензия	12%
қан кернеулер	5%

Кейбір жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Инфузиялық реакциялар

Полиангиитпен гранулематозда және микроскопиялық полиангиитте инфузиялық реакция қауіпсіздікті бағалау популяциясында инфузиядан кейін 24 сағаттың ішінде пайда болған және зерттеушілер инфузиямен байланысты деп есептеген кез келген жағымсыз құбылыс ретінде анықталды. Ритуксимабты алған пациенттер арасында, кем дегенде 12%-да инфузиялық реакциялар білінді. Барлық инфузиялық реакциялар СТС жіктемесі бойынша 1-2 дәрежелі болды. Инфузиялық реакциялардың көбірек таралған көріністері цитокиндердің босап шығу синдромы, гиперемия, тамақтың тітіркенуі және тремор болды. Ритуксимаб глюкокортикоидтарды вена ішіне енгізумен біріктіріп қолданылды, бұл осы құбылыстардың жиілігі мен ауырлығын азайтуы мүмкін.

Инфекциялар

Ритуксимабты алған пациенттерде, 6 айлық алғашқы ақырғы нүктеде инфекциялардың жалпы жиілігі 100 пациент-жылға шамамен 237 құрады (95% СА 197-285). Инфекциялар негізінен ауырлық дәрежесі жеңілден орташаға дейін жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялары, белдемелік ұшық және несеп шығару жолдарының инфекциялары түрінде болды. Күрделі инфекциялар жиілігі 100 пациент-жылға шамамен 25 болды. Ритуксимаб тобында ең жиі хабарланған күрделі инфекция 4% жиіліктегі пневмония болды.

Қатерлі жаңа түзілімдер

Ритуксимабты алған полиангиитпен гранулематозы және микроскопиялық полиангииті бар пациенттердегі қатерлі жаңа түзілімдердің даму жиілігі, зерттеудің жалпы жабылу күнінде (соңғы пациентті бақылау кезеңінің аяқталуы) 100 пациент-жылға 2,00 құрады. Ауру-сырқаудың стандартталған коэффициенттері негізінде, қатерлі жаңа түзілімдермен ауыру ANCA-астасқан васкулиті бар пациенттердегі бұдан бұрын тіркелген ауыру жиілігіне ұқсас болып шықты.

Жүрек-қантaмыр жағымсыз реакциялары

Жүрек-қантaмыр оқиғалары 6 айлық алғашқы ақырғы нүктеде 100 пациент-жылға шамамен 273 жиілігімен байқалды (95% СА 149-470). Күрделі кардиологиялық құбылыстар жиілігі 100 пациент-жылға 2,1 құрады (95% СА

Ритуксимаб

3-15). Ең жиі құбылыстар тахикардия (4%) және жүрекшенің фибрилляциясы (3%) болды.

Неврологиялық бұзылыстар

Аутоиммундық үдерістер кезінде қайтымды артқы энцефалопатия синдромының/ қайтымды артқы лейкоэнцефалопатиялық синдромның даму жағдайлары тіркелді. Бұл жай-күйлер көрудің бұзылуымен, бас ауыруымен, құрысулармен және психикалық жай-күйдің өзгеруімен, қатар жүретін гипертензиямен және онсыз білінді. Диагностардың мәліметтерін растау үшін миға визуализация жүргізу қажет. Анықталған жағдайларда қайтымды артқы энцефалопатия синдромының/ қайтымды артқы лейкоэнцефалопатиялық синдромның даму қаупінің белгілі факторлары, оның ішінде, пациенттің негізгі ауруы, гипертензия, иммуносупрессиялық ем және/немесе химиялық ем болды.

В гепатитінің қайта белсенділенуі

Тіркеуден кейінгі қадағалау барысында ритуксимабты алған полиангиитпен гранулематозы және микроскопиялық полиангииті бар пациенттерде еаз мөлшерде В гепатитінің қайта белсенділену жағдайлары. Бұл жағдайлардың кейбіреулері өліммен аяқталды.

Гипогаммаглобулинемия

Ритуксимабты алған полиангиитпен гранулематозы және микроскопиялық полиангииті бар пациенттерде гипогаммаглобулинемия тіркелді (IgA, IgG немесе IgM деңгейі төменгі қалып шегінен төмен). Ритуксимаб тобында бастапқы сәтте иммуноглобулиндер деңгейі қалыпты деңгейде болған 27%, 58% және 51% пациенттерде сәйкесінше IgA, IgG және IgM деңгейлері төмен болды. Циклофосфамид тобында мұндай пациенттер сәйкесінше 25%, 50% және 46% болды. IgA, IgG немесе IgM деңгейлері төмен пациенттерде инфекциялық аурулардың жиілігі немесе күрделі инфекциялардың саны артқаны байқалған жоқ.

Нейтропения

Ритуксимаб тобында (бір курс) 24% пациенттерде және циклофосфамид тобында 23% пациенттерде СТС жіктемесі бойынша 3 дәрежелі немесе одан жоғары нейтропенияның даму жағдайлары тіркелді. Нейтропенияның дамуы ритуксимабты алған пациенттерде күрделі инфекциялармен ауыру жиілігінің артуымен байланысты болған жоқ. Ритуксимабтың көп реттік курстарының полиангиитпен гранулематозы және микроскопиялық полиангииті бар пациенттерде нейтропения дамуына ықпалы клиникалық зерттеулер барысында зерттелген жоқ.

Тері және теріасты шелдерінің аурулары

Уытты эпидермалық некролиз (Лайелл синдромы) және Стивенс-Джонсон синдромы өте сирек тіркелді. Жекелеген жағдайларда өліммен аяқталуы тіркелді.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындағанда медициналық қызметкерге, фармацевтикалық қызметкерге немесе, дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға болатын

жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласу керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препарат құрамы

Бір миллилитр препараттың құрамында

белсенді зат: ритуксимаб – 10.0 мг

қосымша заттар: натрий цитраты дигидраты – 7.35 мг, полисорбат 80 – 0.70 мг, натрий хлориді – 9.00 мг, хлорсутек қышқылы – рН 6.5 дейін, инъекцияға арналған су – 1.0 мл дейін.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Мөлдір, түссізден ашық-сары түске дейінгі сұйықтық.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат, 10 мг/мл.

Резеңке тығынмен тығындалған, алюминий қалпақшамен қаусырылған I гидролитикалық класқа жататын түссіз бейтарап шыны құтыларда препарат 10 мл-ден немесе 50 мл-ден. Әрбір құтыға өздігінен желімденетін заттаңба жапсырылған. ПВХ үлбірден жасалған пішінді ұяшықты қаптамада 2 құтыдан (10 мл препараттан). Пішінді ұяшықты 1 қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

1 құтыдан (50 мл препараттан) медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау мерзімі

30 ай.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 2°C-ден 8°C-ге дейінгі температурада сақтау керек. Мұздатып қатыруға болмайды!

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Ритуксимаб

Өндіруші туралы мәліметтер

«Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС

Қазақстан Республикасы 100009, Қарағанды қ., Газалиев к-сі, 16 құр.

Телефон: (7212) 90-80-51, факс: (7212) 90-65-49, e-mail: kphk@kphk.kz,

Сайт: www.kphk.kz.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС

Қазақстан Республикасы 100009, Қарағанды қ., Газалиев к-сі, 16 құр. Телефон:

(7212) 90-80-51, факс: (7212) 90-65-49, e-mail: kphk@kphk.kz,

Сайт: www.kphk.kz.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттар сапасына қатысты шағымдар (ұсыныстар) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС

Қазақстан Республикасы 100009, Қарағанды қ., Газалиев к-сі, 16 құр.

Телефон: (7212) 90-80-51, (7212) 90-80-43, факс: (7212) 90-65-49

E-mail: kphk@kphk.kz, medinfo@kphk.kz

Сайт: www.kphk.kz.

Ритуксимаб

УТВЕРЖДЕНА
Приказом Председателя
РГУ «Комитет медицинского
и фармацевтического контроля
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан»
от «04» октября 2021 г.
№ N043409, № N043410

ИНСТРУКЦИЯ ПО МЕДИЦИНСКОМУ ПРИМЕНЕНИЮ ЛЕКАРСТВЕННОГО ПРЕПАРАТА (ЛИСТОК-ВКЛАДЫШ)

▼ *Лекарственный препарат подлежит дополнительному мониторингу, который способствует быстрому выявлению новых сведений о безопасности. Обращаемся к работникам системы здравоохранения с просьбой сообщать о любых подозреваемых нежелательных реакциях.*

Торговое наименование

Ритуксимаб

Международное непатентованное название

Ритуксимаб

Лекарственная форма, дозировка

Концентрат для приготовления раствора для инфузий, 10 мг/мл

Фармакотерапевтическая группа

Антинеопластические и иммуномодулирующие препараты. Антинеопластические препараты. Антинеопластические препараты другие. Моноклональные антитела. Ритуксимаб.

Код АТХ L01XC02

Показания к применению

Применение препарата Ритуксимаб показано пациентам со следующими заболеваниями:

Неходжкинская лимфома (НХЛ)

Препарат Ритуксимаб показан к применению для лечения фолликулярной лимфомы III-IV стадии в комбинации с химиотерапией у ранее нелеченых пациентов.

Препарат Ритуксимаб показан к применению для лечения фолликулярной лим-

Ритуксимаб

фомы в качестве поддерживающей терапии после ответа на индукционную терапию.

Препарат Ритуксимаб показан к применению в качестве монотерапии при лечении фолликулярной лимфомы III-IV стадии в случае выявления химиоустойчивости или при втором и последующих рецидивах после химиотерапии.

Препарат Ритуксимаб показан к применению при лечении CD20-положительной диффузной В-крупноклеточной неходжкинской лимфомы в комбинации с химиотерапией по схеме СНОР (циклофосфамид, доксорубицин, винкристин, преднизолон).

Хронический лимфолейкоз (ХЛЛ)

Препарат Ритуксимаб показан к применению в комбинации с химиотерапией при лечении рецидивирующего/химиоустойчивого хронического лимфолейкоза и у ранее нелеченых пациентов. Имеются только ограниченные данные об эффективности и безопасности применения препарата при лечении пациентов, ранее получавших моноклональные антитела, включая ритуксимаб, или у пациентов с невосприимчивостью к предшествующей химиотерапии в сочетании с ритуксимабом.

Ревматоидный артрит

Препарат Ритуксимаб показан к применению в сочетании с метотрексатом для лечения пациентов с тяжелым активным ревматоидным артритом. При непереносимости или недостаточном ответе на другие базисные противоревматические препараты, включая один или несколько ингибиторов фактора некроза опухоли.

Было показано, что применение ритуксимаба в сочетании с метотрексатом приводит к уменьшению скорости прогрессирования повреждения суставов по данным рентгенологического исследования, а также улучшению физических функций.

Гранулематоз с полиангиитом и микроскопический полиангиит

Препарат Ритуксимаб показан к применению в сочетании с глюкокортикоидами для индукции ремиссии у взрослых пациентов с тяжелой активной формой гранулематоза с полиангиитом (Вегенера) и микроскопическим полиангиитом.

Перечень сведений, необходимых до начала применения

Противопоказания

Противопоказания к применению пациентами с неходжкинской лимфомой и хроническим лимфолейкозом

- гиперчувствительность к действующему веществу, к белкам мыши или к любому из вспомогательных веществ;
- острые, тяжелые инфекционные заболевания;
- пациенты с выраженным иммунодефицитом.

Противопоказания к применению пациентами с ревматоидным артритом, гранулематозом с полиангиитом, микроскопическим полиангиитом

